

**СПАНДИЯР КӨБЕЕВТИҢ «ҚАЛЫҢ МАЛ» РОМАНЫ ҚЫСҚАША  
МАЗМУНЫ****Ибраимова Жайна Кумусбек қызы**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институтының 2- курс студенті

<https://doi.org/10.5281/zenodo.6612905>

*Анатация.* Әйел теңдігін жалаң сөз еткен, оны халық тіршілігінен бөліп алып, оқшау суреттеген шығарма емес. Онда ғасыр басындағы қазақ ауылының өмірі, отрашылдық тәртіпке байланысты оған кіре бастаған өзгерістер, сол негізде елді уысынан босатып, өрісі тарыла бастаған ескі салт- дәстүр кең суреттеледі.

*Кілім сөздер:* роман, проза, байлық, композиция, съезд.

**КРАТКОЕ СОДЕРЖАНИЕ РОМАНА СПАНДИЯРА КОБЕЕВА "ЖИРНЫЙ СКОТ"**

*Аннотация.* Это не произведение, которое просто говорит о женском равноправии, отделяет его от жизни народа и описывает изолированно. Подробно описывается жизнь казахского аула в начале века, изменения, которые стали происходить в нем в связи с патриархальным строем, и на этой основе старые традиции, освободившие страну и сузившие ее поле.

*Ключевые слова:* роман, проза, богатство, композиция, съезд.

**SUMMARY OF THE NOVEL "FAT CATTLE" BY SPANDIYAR KOBEEV**

*Abstract.* It is not a work that speaks of women's equality in isolation from the life of the people. It describes in detail the life of the Kazakh village at the beginning of the century, the changes that began to take place in it due to the patriarchal order, and on this basis the old traditions that liberated the country and narrowed its field.

*Keywords:* novel, prose, wealth, composition, congress.

**КІРІСПЕ**

Спандиярдың қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен орны – оның революциядан бұрынғы әдебиетте прозаның тууына, ондағы роман жанрының қалыптасуына сіңірген еңбегімен байланысты. 1913 жылы Қазанда басылған жазушының «Қалың мал» романы қазақ әдебиеті тарихында алғашқы көлемді прозалы туындылардың бірі болып саналады.

Қазіргі тұрғыдан қарағанда, бүгінгі ірі-ірі романдары бар реалистік әдебиет үшін «Қалың мал» үлкен құбылыс болып көрінбеуі мүмкін. Бірақ, оның туған кезі, дәуірі, сол кездегі әдебиет өрісі мен жанрларының тұрғысынан қарасақ, оның тарихи маңызы айқын танылады. Автор шығармада сол дәуірдің маңызды оқиғаларын қамти отырып, оны үлкен әлеуметтік тартысқа құрады, дәуір сыры мен адамдардың тәп-тәуір образдарын жасайды.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Спандиярдың өмір сүрген дәуірі – ХХ ғасырдың бас кезі – тарихта әлеуметтік революциялардың дәуірі, бостандық үшін күрестің ұшқыны жалынға айналған дәуір. 1905 жылы буржуазиялық- демократиялық революция ұлт аймақтарындағы ой-пікірлердің жандануына әсер етті.Европаны кезіп жүрген бостандық елесі, К.Маркс пен Ф.Энгельс тілімен айтқанда «коммунизм елесі» қазақ жеріне де әсерін тигізе бастаған. Спандияр романының жазылуы да осының әсері.

«Қалың мал» жазылу мерзімі жағынан қазақтың жазба әдебиетіндегі алғашқы роман үлгілеріне жатады. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал»(1910), Т.Жомартбаевтың «Қыз

көрелік» (1912), С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» (1913) атты шығармаларымен шамалас жазылған ол ұлттық әдебиетімізде көркем прозаның орнығуына елеулі жаңалық қосты.

Жоғарыдағы аталған романдардың бәрі әйел теңдігі мәселесін көтерді. Қазақ әйелінің қалың малға сатылып, сүймеген адамына баруы, жасынан атастырылып қоюы ескі феодалдық салттың адам құқын шектеген ең бір қолайсыз тұсы еді. Спандияр осы проблеманы Ғайша тағдыры арқылы жинақтап бейнеледі.

### ТАЛҚЫЛАУ

Сөз ретіне сйәкес келер кезі болғандықтан айта кетелік, «Қалың мал» әйел теңдігін жалаң сөз еткен, оны халық тіршілігінен бөліп алып, оқшау суреттеген шығарма емес. Онда ғасыр басындағы қазақ ауылының өмірі, отрашылдық тәртіпке байланысты оған кіре бастаған өзгерістер, сол негізде елді уысынан босатып, өрісі тарыла бастаған ескі салт-дәстүр кең суреттеледі. Мұның өзі романның әлеуметтік мәнін, онда көтерілген мәселелерің өткірлігін танытады. Тіл ерекшеліктері жағынан «Қалың мал» өз дәуірінің ең бір жарқын туындысы саналады. Роман тілі тартымды. Өз замандастарының кейбірі ескі араб, шағатай сөздерімен «өлең сөзді былғап», «Соны үлгі тұтып жүрген заманда таза қазақ тілінде шынайы проза жасау да оңай емес еді. Ол ұлт сөзін қарапайым, халықтық нұсқада қолданады. Әр кейіпкерлердің өзіндік тілі бар. Тұрлығұл, Байғазы, Құрымбайлар сөзінде заманның биліктегі адамдарына лайық өктемдік қулық-сұмдық көбірек аңғарылса, Итбайдың ұсақ мінезі, даңғойлығы, байлыққа құмарлығы да айқын көрінеді

«Бұл романды жазу маған оңайға түскен жоқ,- деп жазады кейін Спандияр.

—Мұның әртүрлі себептері бар еді. Біріншіден, роман жазылған кезде баспа жүзін көрген қазақтың жазба түріндегі көркем әдебиет шығармалары тіпті аз еді және олардың идеялық бағыттарын былай қойып, түрлерін алсақ, ауыз әдебиеті әсерінің шенберінен асып шыға алмаған дәрежеде еді. Біздің Солтүстік аймақта маған тіл үйренер, үлгі-өнеге алар жалғыз-ақ қазақтың ауыз әдебиеті және Ыбырайдың өлеңдері мен балаларға арнап оқу құралына лайықтап жазған новеллалары ғана еді. (Абайдың жинағы қолыма кейінірек түсті). Сондықтан да романның тіліне, стиліне, ауыз әдебиетінің әсері тигендік барлығы қазіргі оқушыға айқын байқалып отыратын болуы керек. Екіншіден, романның сюжеті, оның құрылысы (композициясы) кейіп-кескіндері жайында кеңесетін, пікір алысатын да адам жоқ еді. Мұны түсінер бірән-саран адам болса, оның да «қызық екен» дегеннен басқа айтары жоқ болатын. Роман кейіпкерлерінің образдық жүйесінде сол кездегі қазақ әдебиетінде кең көріне қоймаған суреттеу құралдарын пайдалануға ұмтылыс бар. Ол жалпы баяндай бермей, характерді деталь арқылы, белгілі бір көріністер арқылы танытуға бейімділік байқатады. Итбайдың Тұрлығұл ауылына баруы, қайтып келгенде өз үйін менсінбей қалуы, бие байлауы, базарлап барып қызға жасау алуы тұсында, Тұрлығұлға наразы кедей ауыл жастарының Қожашқа тілектестігі кезінде, тағы басқа эпизодтарда бұл ізденіс айрықша көрінеді.

Роман құрылысында үлкен прозаға тән оқиғалардың үзілмей жалғасып отыруы, олардың көрістеуі мен шиеленісі дұрыс орын табады. Ондағы тартыс та заман шындығына сай ойластырылған және шығарма бітімінде жарастықты тұтастық бар. Бір қарағанда, бүгінгі ірі-ірі романдары бар реалистік әдебиет үшін «Қалың мал» елеулі құбылыс болып көрінбеуі мүмкін. Бірақ автор шығармасын жазылғасын дәуірі мен сол кездегі әдебиет дамуының дәрежесі тұрғысынан бағалағанда, оның тарихи маңызын толық

түсінуге болады. С.Көбеев шығарманы өз кезінің ең өзекті мәселесіне құра отырып, заман шындығын, адам характерлерін едәуір жарқын бейнелей алған оқиғаның өрбуі де, адам кейпінің дамуы да жақсы ойластырылған. Онда желілі сюжет, қиолақан композиция бар.

Романның басты кейіпкерлері: Тұрлықұл бай, Итбай, Сержан, Қожаш, Ғайша, Ақсұлу, Байғазы би, Құрымбай, Абіш т.б.

Тұрлықұл — бәйбішесі қайтыс болып әйел алмақ болған әл-ауқатты бай болады, ұзын бойлы, мес қарын, түксиген қалың қабақты, көп сөйлемейтін, жалпақ мұрын, қарсы келген адам қаймыққандай, елге зәбірлі, көршілеріне мазаң, қатты мінезді адам-, деп суреттейді С.Көбеев.

«Елден шыққалы 20 шақты күн болып қалды,- дейді «Қалың мал» романының кейіпкерлерінің бірі Байғазы би.

— ас ауылнай жағына барып, съезд құрып келеміз. халық арасында бір-біріне ауқымды- түйіскендері бар, тоқты-торымдай жанжалдары бар екен, сондайларды бітіріп келеміз.

— елде де жанжал мұндай көп болар ма!

— ел де бұзылып біткен ғой... Әсіресе, жесір дауы-ақ көп екен. Күйеуін менсінбеген қыз, байынан айрылған келіншек... кейбіреулер құдасынан айрылмақшы... Қүрекеннің (Құрымбай би) пышағы май үстінде, қалтасы да толған шығар».

#### НӘТИЖЕ

Осы сөздің өзі-ақ сол кездегі ауыл өміріндегі қозғалысты анық байқатады. Мұның бәрі – қаймағы бұзылмаған феодалдық салттың іруге бет алуы. «Қалың мал» осы жағдайдағы жастардың бас бостандығы үшін күресін көрсетеді. Онда жазушы феодалдық қоғамның қызды әйелі өлген кәрі шалдарға малға сатуын айыптап, жастардың сүйгеніне қосылуына тілектестік білдіреді. Және оны қоғамдық, әлеуметтік теңдік үшін күрестің бір бөлегі есебінде қарастырады. Оның суреттеуіндегі жастар сүйгеніне қосылуы үшін ғана емес, үстем таптың кедейлерге жасаған зорлығына қарсы бой көтереді. Бұл идея романның негізгі образдары арқылы ашылады. Жазушылардың кедейлер тілегінде екені үнемі байқалып отырады. Тұрлықұл байдың Медеу руына (кедейлер тобы) жасаған зорлығын суреттей келіп, ол: «Әй, бишара кедей-ай. Саған да атар таң, шығар күн бар ма екен?» - деп күйінеді.

Итбай – малдан басқа көрері де, арманы да жоқ, сасық байлықтың бейнесі. Оның бойындағы даңғойлық, мақтаншақтық мінездері де оның баюға, сол жолмен «беделге», «абыройға» жетудегі арманы. Итбай ұғымында байлық болса, қалған дүние өзі құрала береді, даңқ, абырой, атақ келеді. Осылар түгел болса, Итбай жақсы болмақ. Сол мақсатын орындамақ болып Ғайшаны Тұрлықұл байға ұзатпақ болады.

Ғайша– амалсыз малға сатылған қыз бейнесі. Сол кезде ол небары 17-ақ жаста болады. Сол кездегі салт солай болған қалың малын беріп қыздан көңіл сұрамаған. Кейбір ата-аналар қыз туылса қуанған, себебі, ол қыз ақылды да сымбатты болып бой жетсе, қалың малын көбірек сұрап анау-мынау кедейлер бір марқайып қалатын болған. Ғайшаны да солай байдың берген малына қызығып ұзатпашқы болғанын естіген Ғайша, мынадай өлең айтады:

Әй, аға, шыныменен шалға беріп,  
Ғайшанның теңін таппай, малға беріп,

Жиылған ағайынға отырғаның,  
Біреудің бақ-дәулетін қызық көріп.  
Он сорлы екі-үш күннен отқа түскен  
Отырған ажал жетпей, қалуға өліп,  
Жүрегім, басым дал боп, ішім күйіп,  
Қайғылы, уайымды, шаттық сөніп,  
Қор болу қиын емес екендігін  
Түсініп есіме алдым бүгін біліп.  
Теңімнің қатарынан ұзақ тұрмын,  
Жүремін бірге қалай ойнап-күліп.  
Бұл кезде көңілім суып, бойым мұздап,  
Тұруға шамам да жоқ, жүруге ілініп,  
Ғайшаның ұзақ жатыр жырлар күні,  
Халықтық: «Бұл қалай»,— деп сынар күні,  
Ескермей ешбір нәрсе жүруші едім,  
Бар ма екен қасірет, қапа шығар күні?  
Ғайшаның теңі қайда, елі қайда?  
Кешегі уайымсыз күні қайда?  
Қалқамды сүйгеніне берем дейтін,  
Әкенің жан ашырлық сөзі қайда;

деп зарын айтасада оны Итбай тыңдар емес.

Сол күндердің бірінде, Есіл бойындағы Қарасарт аулының жиені Жүсіп баласы Қожа Ғайшаның үйіне қонаққа келеді. Қожаш — орта бойлы, талдырмаш, сабыр иесі, сұлу кара торы, бір сезді, уәдеден таймайтын жігіт. Замандастары сол мінезінен өте жақсы керуші еді. Қожаш бұрын да Итбайдікіне бірнеше рет келіп қонып, Ғайшаның сұлулығынан мін таба алмай, сыртынан ғашық болып жүрген жігіттің бірі еді. Ғайшаны айттырайын десе, Итбайдың бермейтініне көзі жетіп, қолдың қысқалығына кінә қойып, көңіліне демеу бергендей болып, сол ауылға келгіштеп жүретін.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Романның жалғасында Тұрлықұл Ғайшаға уйленеді, алайда Қожаш Ғайшаны алып қашады. Оның есесіне Итбай Тұрлықұлдың берген қалың малын қайтып береді есесіне малда қосып береді. Бұл романда жазушының оқиғаларды да, оқиға қатысушыларында, шеберлікпен тауып жазғанын байқауға болады.

Қорыта айтқанда бұл әдет қазіргі таңдада қалыптасып қалған, тек заманалық түрде. Қазірде таңдада ақшасы болса шалғада ұзатып жатқандар аз емес. Сол кездегі сері, ақсақалдар болыс, билерден бірер малын аламыз деп айел тауып берген. Қазірде бірер тиын үшін тегін қарастырмай-ақ, оны – мұнға, ананы – мынаған жолықтыртып ар жағымен шаруасы болмай жүр.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Спандияр Көбеев “Қалың мал” 1913ж.
2. Бисенғали З. “XX ғасыр басындағы қазақ романы” Алматы, 1997 ж.
3. Ғаламтор материалдары.
4. “Жас алаш” газеті